- құрамына спирт кіретін дәрілік түрлерді есепке алу, сақтау және босату ережелері;
- спиртті сұйылту тәсілдері;
- бейсу еріткіштерді дозалау техникасын;
- сұйық дәрілік түрлердің сапасын бағалау және босатуға безендіру бойынша нормативті құжаттар талаптарын.

білім алушы істей алуға тиіс:


- фармакопоялық стандартты сұйықтықтың жазылу тәсілін ескеріп, дәрілік препарат және еріткіш мөлшерін есептеуді;
- дәрілік заттардың ерігіштігін және еріткіш табиғатын ескеріп бейсу ерітінділердің оптимальды технологиясын таңдауды;
- майларды және тұтқыр сұйықтықтарды өлшеуді;
- дәрілік заттардың спирттік ерітінділерін дайындауды және нормативті құжаттар талаптарына сәйкес оларды безендіруді.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Стандартты ерітінділер. Стандартты фармакопоялық сұйықтықтар номенклатурасы, олардың концентрациясы және жазу әдістері.
2. Жазылу әдісіне байланысты тазартылған су мен стандартты фармакопоялық сұйықтықтарды есептеу ережелері.
3. Хлорсутек қышқылы ерітінділерін дайындау.
4. Аммиак және сірке қышқылы ерітінділерін дайындау.
5. Екі атауы бар стандартты сұйықтықтардың ерітінділерін дайындау.
6. Стандартты ерітінділердің сапасын бақылау.
7. Бейсу ерітінділер. Сипаттамасы. Бейсу ерітінділер технологиясында қолданылатын еріткіштер және олардың сипаттамасы.
8. Этанол еріткіш ретінде. Сұйылту тәсілдері. Этанолмен жұмыс істеу ережелері.
9. Ұшқыш және ұшқыш емес еріткіштерде дайындалатын бейсу ерітінділер технологиясының ерекшеліктері және олардың сулы ерітінділер технологиясынан айырмашылығы.
10. Бейсу ерітінділердің сапасын бақылау және сақтау.

Сабақ басында білім алушылар білуі тиіс:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 7 шілдедегі № ҚР ДСМ-58 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы»;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 19 беті	

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-286/2020 бұйрығы «Дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындауға лицензиясы бар, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілердің дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындау қағидаларын бекіту туралы»;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-287/2020 бұйрығы «Дайындалған дәрілік препараттарға дәріханаішілік бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы»;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-11 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау қағидаларын бекіту туралы»;
- ҚР Қаржы министрінің 20.02.2015 ж. №109 бұйрығы «Этил спиртін сақтау мен өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) қағидаларын бекіту туралы».

Тақырып бойынша тапсырма:

Тапсырма 1. Рецепттерді күнделікке жазу, есептеулер жүргізу, бақылау паспортын құрастыру, ингредиенттердің физика-химиялық қасиеттерін, дәрілік түрді дайындау технологиясын және теориялық дәйектемесін сипаттап жазу қажет. Бірінші және екінші рецепттер авторлары Сағындықова Б.А., Анарбаева Р.М. «Дәрілік түрлердің тәжірибелік технологиясы» оқулығының 265-169 б., ал үшінші және төртінші рецепттер 135-137 б. берілген (2021 ж.).

1.	10	8	17	10о	8.	10о	8	14	18о
2.	2о	1	20	9о	9.	16	13о	13	10о
3.	3о	7	16	11о	10.	4	17о	19	15о
4.	4о	13	16о	5	11.	1о	14	12	17о
5.	5о	14	14о	7	12.	2о	7	18	16о
6.	7о	11о	15	1	13.	3о	9	11	12о
7.	9о	14о	13	3о	14.	4о	10	1	17

Ескерту: этил спиртін (этанолды) қажетті концентрацияға дейін сумен сұйылту бойынша есептеулерді: сұйылту тендеуі, «Крест» ережесі және Еуразиялық экономикалық Одақтың Фармакопеясының (https://eec.eaeunion.org/upload/medialibrary/bd2/Farmakopeya-2020-t1_1.pdf) 4.1.-3 және 4.1.-5. алколеметриялық кестелерімен орындаңыз.

Қажетті құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, кесте, тест тапсырмаларының кешені және т.б.


5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

- Дәріхана іс-тәжірибесінде қандай фармакопеялық стандартты сұйықтықтар қолданылады?
- Стандартты ерітінділер қандай топтарға бөлінеді?
- Егер рецепте концентрациясы көрсетілмесе хлорсутек қышқылының қандай концентрациясын босату керек?
- 25% хлорсутек қышқылын қандай жағдайда босатады?
- II топ стандартты сұйықтықтар. Оларды сұйылту ерекшелігі неде?
- III топ стандартты сұйықтықтар. Оларды сұйылту ерекшелігі неде?

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 20 беті	


7. Жазылымда аммиак ерітіндісінің концентрациясы көрсетілмесе қандай концентрациядағы ерітінді босату қажет?
8. Жазылымда сутек асқын тотығы ерітіндісінің концентрациясы көрсетілмесе қандай концентрациядағы ерітінді босату қажет?
9. Дәріхана іс-тәжірибесінде қолданылатын ұшқыш бейсу еріткіштерді атаңыз.
10. Ерітінді дайындау үшін қандай майлар қолданылады?
11. Егер рецепте этил спиртінің концентрациясы көрсетілмесе, онда этил спирті еріткіш ретінде қандай концентрацияда болуы қажет?
12. Әлсіз концентрациялы этанолды алу үшін күшті концентрациялы этанолды сумен сұйылтқандағы есептеулердің ерекшеліктері қандай?
13. Ұшқыш еріткіштерде бейсу ерітінділерді дайындау ерекшеліктері қандай?
14. Көлемінде жіберілетін ауытқу мөлшері қандай (мл)?

Ситуациялық есеп


Дәріханаға концентрациясы 40% сутек асқын тотығы бар пергидроль келіп түсті. Жазылымда дәрілік зат химиялық атаумен берілген, бастапқы заттың концентрациясы, стандартты концентрациядан жоғары. Бұл жағдайда фармацевтің іс-әрекеті.

Тестік тапсырмалар

1. 20%-50 мл пергидроль ерітіндісін дайындау үшін қажетті пергидроль және су мөлшері сәйкесінше:
 - A) 10 мл 40 мл
 - B) 20 мл 50 мл
 - C) 50 мл 20 мл
 - D) 20 мл 30 мл
 - E) 30 мл 20 мл
2. Мүсәтір және сірке қышқылы ерітіндісін дайындағанда:
 - A) нақты мөлшері ескеріледі
 - B) бастапқы концентрациясын 1% деп алады
 - C) бастапқы концентрациясын 10% деп алады
 - D) бастапқы концентрациясын 100% деп алады
 - E) бастапқы концентрациясы 2% деп алады
3. МФ Х басылымы бойынша егер рецепте хлорсутек қышқылы концентрациясы көрсетілмесе ... концентрациядағы ерітіндісі босатылады.
 - A) 8,3%
 - B) 25%
 - C) 33%
 - D) 30%
 - E) 0,1 н
4. Стандартты фармакопоялық сұйықтық мөлшерін есептегенде бүтін зат ретінде 100 % қарастырылатын ерітінді:
 - A) Буров сұйықтығы
 - B) калий ацетаты ерітіндісі
 - C) формальдегид ерітіндісі
 - D) сутек асқын тотығы ерітіндісі
 - E) сірке қышқылы ерітіндісі
5. Дайындау кезінде сұйылту формуласы қолданылатын стандартты фармакопоялық сұйықтық:
 - A) аммиак ерітіндісі
 - B) формалин
 - C) пергидроль
 - D) калий ацетаты сұйықтығы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 21 беті	

- Е) хлорсутек қышқылы
6. Егер рецепте сірке қышқылы концентрациясы көрсетілмесе ... концентрациядағы ерітіндісі босатылады.
- A) 30%
 B) 5%
 C) 10%
 D) 98%
 E) 1%
7. Спирттік ерітінділер технологиясының ерекшеліктері:
- A) босататын ыдыста дайындайды, қыздырусыз ерітеді, фильтрлемейді
 B) қосымша ыдыста дайындайды, салқындатып ерітеді, фильтрлемейді
 C) босататын ыдыста дайындайды, қыздырып ерітеді, фильтрлемейді
 D) қосымша ыдыста дайындайды, фильтрлейді
 E) қосымша ыдыста дайындайды, қыздырып ерітеді, фильтрлейді
8. Этанолды сумен сұйылту кезінде ... құбылысы жүреді.
- A) контракция
 B) конвекция
 C) адсорбция
 D) абсорбция
 E) молекулалар диссоциациясы
9. Құрамында этанол бар ерітіндіні қажет болған жағдайда ... арқылы сүзеді.
- A) құрғақ мақта тампоны
 B) қағаз фильтр
 C) қос қабат дәке
 D) нутч-фильтр
 E) друк-фильтр
10. Сулы және спирттік ерітінділердің ұқсас технологиялық ерекшеліктері:
- A) салмақ-көлемдік әдіспен дайындау, еріткішті көлем бойынша дозалау
 B) еріткішті ең соңында қосу
 C) салмақ бойынша дайындау
 D) дәрілік түрді міндетті түрде қыздыру
 E) дәрілік түрді міндетті түрде фильтрлеу
11. Стандартты фармакопоялық ерітінділер (сұйықтар) деп кейбір дәрілік заттардың (қышқылдардың, негіздердің, формальдегидтің және басқалардың) МФ-да көрсетілген белгілі нақты концентрациясында дайындалған ... ерітінділерін айтады.
- A) сулы
 B) бейсу
 C) спирттік
 D) концентрлі
 E) жұмысшы
12. 10% -200 мл калий ацетаты ерітіндісін дайындау үшін қажетті тазартылған су мен препарат /ГФ 35%/ мөлшері:
- | Препарат | Су |
|-----------|----------|
| A) 58,8мл | 141,2 мл |
| B) 10 мл | 200 мл |
| C) 200 мл | 10 мл |
| D) 10 мл | 190 мл |
| E) 34 мл | 166 мл |

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 22 беті	

№6-САБАҚ

1. **Тақырыбы:** Жоғары молекулалық қосылыстар және қорғалған коллоидтық ерітінділер технологиясы.
2. **Мақсаты:** Жоғары молекулалы қосылыстар және коллоидты заттар ерітінділерін дайындауды үйрену. Теориялық ережелер негізінде және нормативті құжаттардың талабына сай дәрілік түрлердің және көмекші заттардың сапасын бағалауды үйрену.

3. Оқыту міндеттері:

білім алушы білуге тиіс:

- жоғары молекулалы қосылыстар және қорғалған коллоидтардың қасиеттері, ерітінділер дайындаудың теориялық ережелерін;
- қорғалған коллоидты ерітінділердің артықшылықтары;
- жоғары молекулалы қосылыстар және қорғалған коллоидтардың ерітінділерін дайындауды, сапасын бағалауды, сақтау және босату бойынша нормативті құжаттар талаптарын.

білім алушы істей алуға тиіс:


- дәрілік зат пен еріткіш мөлшерін есептеуді;
- жеке жазылымдар бойынша жоғары молекулалы қосылыстар және қорғалған коллоидтардың ерітінділерін дайындаудың оптимальды технологиясын таңдауды;
- жоғары молекулалы қосылыстар және қорғалған коллоидтардың ерітінділерін негізгі технологиялық сатылар бойынша (өлшеу, еріту, қыздыру, сүзу) дайындауды;
- жоғары молекулалы қосылыстардың және қорғалған коллоидтардың қасиеттерін ескеріп фильтрлеуші материалдарды таңдауды;
- дайын ерітінділерінің сапасын бағалауды;
- дәрілік түрді босатуға орамдау, безендіру және сапасын бағалауды.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. ЖМҚ ерітінділері. Анықтамасы, сипаттамасы. Жіктелуі.
2. ЖМҚ-тың молекулалық құрылысының еру процесіне әсері.
3. Шекті ісінетін ЖМҚ ерітінділерін дайындау ерекшеліктері.
4. Шексіз ісінетін ЖМҚ ерітінділерін дайындау ерекшеліктері.
5. Коллоидты ерітінділер. Анықтамасы, сипаттамасы. Қасиеттері.
6. Қорғалған коллоидты ерітінділерді дайындау ерекшеліктері.
7. ЖМҚ және қорғалған коллоидтар ерітінділеріне дәрілік заттарды қосу ережелері.
8. ЖМҚ және қорғалған коллоидтар ерітінділерінің сапасын бағалау және сақтау.

Сабақ басында білім алушылар білуі тиіс:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 7 шілдедегі № ҚР ДСМ-58 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы»;
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-11 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау қағидаларын бекіту туралы»;
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-287/2020 бұйрығы «Дайындалған дәрілік препараттарға дәріханаішілік бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы».

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 23 беті	

Тақырып бойынша тапсырма:

Тапсырма 1. Әр білім алушы журналдағы реттік нөміріне сәйкес тапсырмада берілген рецептерді күнделікке жазу, есептеулер жүргізу, бақылау паспортын құрастыру, ингредиенттердің физика-химиялық қасиеттерін, дәрілік түрді дайындау технологиясын және теориялық дәйектемесін сипаттап жазу қажет. Рецептер авторлары Сағындықова Б.А., Анарбаева Р.М. «Дәрілік түрлердің тәжірибелік технологиясы» оқулығының 181-184 б. берілген (2021 ж.).

1.	1	4о	11	8.	5	7	9о
2.	2	5о	12	9.	1	5о	8о
3.	3	6о	13	10.	3	6о	9о
4.	4	7о	14	11.	2	4о	10о
5.	10	7	15	12.	3	7о	11
6.	2о	9	16	13.	4	9	12
7.	3о	10	17	14.	5	10	13

Қажетті құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, кесте, келі, келсап, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.


7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Дәрілер технологиясында қолданылатын жоғары молекулалы қосылыстардың сипаттамасы және жіктелуі қандай?
2. Шексіз ісінетін жоғары молекулалы қосылыс ерітінділері технологиясының ерекшеліктері қандай?
3. Шекті ісінетін жоғары молекулалы қосылыс ерітінділері технологиясының ерекшеліктері қандай?
4. Пепсин ерітіндісін дайындаудың ерекшеліктері неге негізделген?
5. Крахмал және желатин ерітіндісін дайындаудың ерекшеліктері неге негізделген?
6. ЖМҚ ерітінділеріне электролит пен спиртті енгізу жолдары қандай?
7. Жоғары молекулалы ерітінділерін сақтау жағдайлары қандай?
8. ЖМҚ ерітінділерді орамдау және босатуға безендіру.
9. ЖМҚ ерітінділерінің сапасын бағалау.
10. Қорғалған коллоидты ерітінділердің ЖМҚ ерітінділерімен салыстырғанда қандай ұқсастығы және айырмашылығы бар?
11. Колларгол және протаргол ерітінділерін дайындау технологиясының ерекшеліктері қандай?
12. Ихтиол ерітіндісін дайындау технологиясының ерекшеліктері қандай?
13. Коллоргол және проторгол ерітінділерін фильтрлеу үшін тек күлсіз фильтр қолдану себебін түсіндіріңіз.
14. Қорғалған коллоидты ерітінділерді сақтау жағдайлары.
15. Қорғалған коллоидты ерітінділердің сапасын бағалау.

Ситуациялық есептер

1. Крахмал қандай дәрілік түрлерде жазылуы мүмкін? Крахмал дәрілік түрде қандай функция атқаруы мүмкін? Әртүрлі дәрілік түрлерге крахмалды енгізудің ерекшеліктері қандай?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 24 беті	

2. Білім алушы протаргол ерітіндісін дайындаған кезде аса көпіршікті ерімеген заттары бар сұйықтық алды.

3. Білім алушы ерітінді дайындау кезінде қандай қателіктер жіберді. Байқалған құбылыстың себебін түсіндіріңіз? Протаргол ерітіндісін дайындау ережесін дәйектеңіз.

4. 10 минуттан соң. Көзге арналған 3 % колларгол ерітіндісі дайындағаннан кейін өтпелі сәуледе лайлана бастады және қоңыр түске боялды. Байқалған құбылыстың себебін түсіндіріңіз?

Тестік тапсырмалар

1. Коллоидты ерітінділерге тән қасиеттер:

- A) агрегативтік және термодинамикалық тұрақсыз, қайтымсыз, осмостық қысымы төмен, диффундирлік қасиеті әлсіз, сыртқы факторларға сезімтал, сақтау мерзімі шектеулі
- B) агрегативтік және термодинамикалық тұрақты, қайтымды
- C) диффундирлік қасиеті жағары, сақтау мерзімі ұзақ
- D) қайтымсыз, осмостық қысымы жоғары
- E) диффундирлік қасиеті жағары

2. Қорғалған коллоидтар - гидрофильдік қасиеті бар ... тұратын күрделі препарат.

- A) гидрофобты коллоидты заттардан және ЖМҚ
- B) ерімейтін заттардан
- C) ЖМҚ
- D) гидрофобты заттардан
- E) гидрофильді заттардан

3. Күмістің коллоидтық препараттарын алу кезінде коллоидтық қорғау ... үшін қолданылады.

- A) колларгол, протаргол
- B) күміс нитраты, күміс хлориді
- C) қара май, ксероформ
- D) ихтиол, колларгол
- E) ихтиол

4. Протаргол ерітіндісінің ескіру процесінің алдын алу үшін ex tempore дайындап, қоңыр түсті құтыда босатады, себебі:

- A) жарық әсерінен препарат металдық күміске айналып, ерітінді қарайып кетеді
- B) сілбі түзіледі
- C) жарық әсерінен көпіршіктер пайда болады
- D) препарат газ тәрізді күйге айналады
- E) тұрақты емес

5. Протаргол ерітіндісінің технологиясы:

- A) су бетіне жұқалап себелеу, 10-15 минут қозғамай қойып қою
- B) босататын құтыда еріту
- C) келіде ысқылап еріту
- D) су бетіне жұқалап себелеу, араластыру
- E) мойны тар ыдыста қатты шайқау

6. Колларгол ерітіндісінің технологиясы:


- A) келіде ысқылай отырып еріту
- B) 40-60 минут ісіндіру, ерігенше шайқау
- C) колбада тәулік бойына шайқау
- D) су бетіне жұқалап себелеу, 10-15 минут қозғамай қойып қою
- E) технологиясының ерекшелігі жоқ

7. Шекті ісінетін ЖМҚ:

- A) желатин
- B) ихтиол
- C) протаргол
- D) колларгол

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 25 беті	

- Е) пепсин
8. 100,0 крахмал ертіндісіне дұрыс толтырылған бақылау паспорты:
- А) крахмал 2,0 салқын су 8,0 ыстық су 90,0
 В) крахмал 1,0 салқын су 9,0 ыстық су 90,0
 С) крахмал 10,0 салқын су 20,0 ыстық су 70,0
 D) крахмал 20,0 салқын су 40,0 ыстық су 40,0
 E) крахмал 20,0 салқын су 20 ыстық су 60,0
9. Шексіз ісінетін ЖМҚ:
- А) пепсин
 В) ихтиол
 С) крахмал
 D) колларгол
 E) желатин
10. Пепсин ертіндісін ... арқылы сүзеді.
- А) шыны фильтр
 В) фильтр қағазы
 С) дәке
 D) мақта-дәке тампоны
 E) пергамент қағазы
11. Дисперстік жүйе ретінде ЖМҚ ерітінділері ... болып табылады.
- А) нағыз ерітінділер
 В) эмульсиялар
 С) суспензиялар
 D) күрделі жүйелер
 E) тұнбалар
12. ЖМҚ ерітінділерін дайындағанда ісіну процесі ... байланысты.
- А) макромолекулалар құрылымына, кеңістіктік конфигурациясына, температураға
 В) тазартылған суды алу тәсіліне
 С) тұрақтандырғыш табиғатына
 D) десорбцияға қабілеттілігіне
 E) еріткіштің химиялық табиғатына
13. "Қолданар алдында қыздырыңыз" қосымша этикеткасымен ... ерітіндісі безендіріледі.
- А) желатин
 В) пепсин
 С) крахмал
 D) экстрактар
 E) шырыштар

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 26 беті	

№7-САБАҚ

1. Тақырыбы: Гидрофильді және гидрофобты заттармен суспензиялар дайындау.

2. Мақсаты: Суспензияларды дисперстік және конденсациялық әдіспен дайындауды, нормативті құжаттардың талабына сай олардың сапасын бағалауды үйрену.

3. Оқыту міндеттері:

білім алушы білуге тиіс:

- суспензия дайындаудың теориялық негізін;
- дәріханада суспензия дайындау, сапасын бағалау және босату бойынша нормативті құжаттардың талаптарын.

білім алушы істей алуға тиіс:


- суспензияларды дисперсиялық әдіспен дайындауды (Дерягин ережесі бойынша біріншілік пульпа алу, лайлау әдісін қолдану);
- негізгі технологиялық операциялардың реттілігін сақтай отырып суспензияларды конденсациялық әдіспен дайындау;
- суспензияларды технологиялық операциялардың орындалу реті бойынша дайындауды: өлшеу, ұнтақтау, лайлау, диспергирлеу, араластыру;
- дәрілік түрді орамдауды, тығындауды, босатуға безендіруді;
- суспензиялардың сапасын бағалауды.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Суспензия. Анықтамасы, сипаттамасы. Оларға қойылатын талаптар.
2. Суспензияның түзілу жағдайлары.
3. Гетерогенді жүйе ретінде суспензияның тұрақтылық түрлері.
4. Суспензияның тұрақтылығына әсер ететін факторлар. Стокс Заңы.
5. Суспензияларды дисперсиялық әдіспен дайындау.
6. Гидрофильді қасиеттері бар дәрілік заттардың суспензиясы.
7. Гидрофобты қасиеттері бар дәрілік заттардың суспензиясы.
8. Күкірт суспензиясын дайындау ерекшелігі.
9. Суспензияны тұрақтандыру үшін қолданылатын қосымша заттар.
10. Суспензияларды конденсациялық әдіспен дайындау.
11. Суспензия сапасының негізгі көрсеткіштері. Сақтау шарттары.

Сабақ басында білім алушылар білуі тиіс:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 7 шілдедегі № ҚР ДСМ-58 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы»;
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-286/2020 бұйрығы «Дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындауға лицензиясы бар, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілердің дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындау қағидаларын бекіту туралы»;
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-11 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау қағидаларын бекіту туралы»;
4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-287/2020 бұйрығы «Дайындалған дәрілік препараттарға дәріханаішілік бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы».

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 27 беті	

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма 1 «Оральдік қолданылатын сұйық дәрі - дәрімектер» (ҚР МФ 1 бас., 500 бет. Оральдік ерітінділер, эмульсиялар және суспензиялар), «2.5.1.33 Суспензии» (Фармакопея Евразийского экономического союза ЕАЭС, Том 1, часть 2, стр. 399. [https://eec.eaeunion.org/upload/medialibrary/9de/2-chast-1-toma-Farmakopei-Soyuza-s-vozhnostyu-poiska .pdf](https://eec.eaeunion.org/upload/medialibrary/9de/2-chast-1-toma-Farmakopei-Soyuza-s-vozhnostyu-poiska.pdf)) мақалаларын оқу және конспектілеу.

Тапсырма 2. Рецепттерді күнделікке жазу, есептеулер жүргізу, бақылау паспортын құрастыру, ингредиенттердің физика-химиялық қасиеттерін, дәрілік түрді дайындау технологиясын және теориялық дәйектемесін сипаттап жазу қажет. Рецепттер авторлары Сағындықова Б.А., Анарбаева Р.М. «Дәрілік түрлердің тәжірибелік технологиясы» оқулығының 195-200 б. берілген (2021 ж.).

1.	6о	21	8.	2о	10
2.	8о	22	9.	3о	12
3.	10о	24	10.	4о	19
4.	3	9о	11.	5о	14
5.	6	11о	12.	4	13о
6.	1	12о	13.	10	13
7.	10	15	14.	2	8

Қажетті құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, кесте, келі, келсап, тест тапсырмаларының кешені және т.б.


5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Суспензия. Анықтамасы. Жіктелуі. Суспензияларға қойылатын талаптар.
2. Суспензияларды алудың әдістері қандай?
3. Қандай микстуралар жарық шашырататын, лайлы деп аталады? Олардың түзілу жағдайлары.
4. Мүсәтір-анис тамшыларымен микстуралар дайындаудың ерекшеліктері.
5. Суспензиялар сақтау кезінде қандай өзгерістерге ұшырауы мүмкін?
6. Сақтау барысында суспензиялар қандай өзгерістерге ұшырауы мүмкін?
7. Суспензиялардың гетерогенді жүйе ретінде ерекшеліктері қандай?
8. Қандай жағдайларда суспензиялар түзіледі? Мысал келтіріңіз.
9. Суспензиялар қандай фазалардан тұрады? Мысал келтіріңіз.
10. Гетерогенді жүйе ретінде суспензиялардың тұрақтылық түрлері қандай?
11. Суспензиялар тұрақтылығына қандай факторлар әсер етеді?
12. В.В. Дерягин ережесі дегеніміз не? Қатты заттарды диспергирлеуде қолданылатын көмекші сұйықтықтардың ролі қандай?
13. Гидрофильді және гидрофобты заттармен суспензия дайындаудың ерекшеліктері. Мысал келтіріңіздер.
14. Гидрофобты заттармен суспензиялар технологиясының ерекшеліктері неде?
15. Суспензияларды бағалаудың негізгі көрсеткіштері.
16. Сақтау барысында суспензиялар қандай өзгерістерге ұшырауы мүмкін?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 28 беті	

Ситуациялық тапсырмалар

- Ал.: Аммиак ерітіндісінен 20 мл
 Камфора спиртінен 10 мл
 Натрий хлоридінен 0,5
 Тазартылған судан 70 мл
 Араластыр. Босат. белгіле. 1 ас қасықтан күніне 3 рет.

Білім алушы қосымша ыдысқа 70 мл тазартылған суды өлшеп 0,5 г натрий хлоридін ерітті, 20 мл 10% аммиак ерітіндісін және 10 мл камфора спиртіні қосты, араластырды және қоңыр түсті босататын құтыға сүзді. Тығындады және ішуге арналған құрал ретінде безендірді. Қосымша «Балалардан сақтаңыз» этикеткасымен жабдықтады.

Білім алушының іс-қимылын сын көзбен бағалаңыз.

- Технолог моноциклды терпендердің (ментол, терпингидрат) және бициклды терпендердің (камфора, бромкамфора) физика-химиялық қасиеттерін әртүрлі дәрілік түрлер дайындаған кезде қалай ескереді? Бұл дәрілік заттардың сақтау жағдайлары және оларды дозалау қалай жүргізіледі? Ментолды, камфораны, терпингидратты әртүрлі дәрілік түрлерге (ұнтақтар, ерітінділер, суспензиялар) енгізуді салыстырыңыз.

Тесттік тапсырмалар

- Суспензиялардың дисперстік фазасы:
 - сұйық дисперстік ортада ерімейтін қатты заттар
 - гидрофобтық заттар
 - бір-бірінде ерімейтін сұйықтықтар
 - гидрофильді заттар
 - сұйық дисперстік ортада еритін қатты заттар
- Суспензиялардың қасиеттері:
 - осмостық қысымы жоқ, технологиясында сүзу сатысы жоқ, тұрақсыз
 - технологиясында сүзу сатысы жоқ, тұрақсыз, терапевтік әсері жоғары
 - технологиясында сүзу сатысы жоқ, дисперстік ортасы жоқ, тұрақсыз
 - осмостық қысымы жоқ, дисперстік фазасы жоқ, тұрақсыз
 - осмостық қысымы жоқ, технологиясында сүзу сатысы жоқ, тұрақты
- Суспензиялардағы бөлшектердің седиментация жылдамдығы ... тендеуі бойынша анықталады.
 - Стокс
 - Больцман
 - Фик
 - Энштейн
 - Ньютон
- Бөлшектердің тұнбаға түсу жылдамдығы келесі факторларға байланысты:
 - орта тұтқырлығы, бөлшектердің геометриялық мөлшері, фазалар тығыздықтарының айырмашылықтары
 - сұйықтықтың осмостық қысымы
 - тұндыруға арналған ыдыстың радиусы
 - заттардың физика-химиялық қасиеттері
 - дисперстік фаза және орта табиғаты
- Орта тұтқырлығын ... арттыруға болады.
 - шырындар, глицерин, шырыштар, МЦ, NaKMЦ қосу арқылы
 - өсімдік майларын қосу арқылы
 - температураны көтеру арқылы
 - дәрілік заттарды енгізу арқылы
 - салқын жерде сақтау арқылы
- Гидрофобтық заттармен суспензия дайындаған кезде, тұрақтандыру үшін қосады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 29 беті	

- A) тұрақтандырғыш
- B) глицерин
- C) қант шырынын
- D) дәрілік зат
- E) ароматизаторлар

7. Шайқағаннан және сілкігеннен кейін бір минут ішінде бөлшектері біркелкі таралып, суспензияның алғашқы қалпына келуін ... деп атайды.

- A) ресуспендірленулік
- B) жоғары температураға тұрақтылық
- C) агрегативті тұрақтылық
- D) тұрақтылық
- E) тұрақсыздық

8. Суспензияларды ... кұтыда босатады.

- A) түссіз
- B) "Рекорд" маркалы
- C) қоңыр түсті
- D) АБ-І маркалы
- E) МТО маркалы

9. Суспензияларды ... тәсілі бойынша дайындайды.

- A) дисперсиялық, конденсациялық
- B) химиялық, еріткіштерді ауыстыру
- C) химиялық
- D) лайлау, ерігіштік шегінен асыру
- E) Дерягин

10. Суспензияларда пульпа дайындауға қажетті су мөлшері:

- A) суспензия түзетін заттар мөлшерінің жарты мөлшеріндей
- B) шамамен 1–2 мл
- C) суспензия түзетін заттар мөлшерімен бірдей мөлшерде
- D) жазылымдағы барлық заттар мөлшерімен бірдей мөлшерде
- E) шамамен 5-10 мл

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 30 беті	

№8-САБАҚ

1. Тақырыбы: Дәнмен және маймен эмульсиялар дайындау.

2. Мақсаты: Дәннен және майдан эмульсия дайындауды және нормативті құжаттардың талабына сай сапасын бағалауды үйрену.

3. Оқыту міндеттері:

білім алушы білуге тиіс:

- эмульсияларды дайындау, сапасын бағалау және босатуға безендіру бойынша нормативті құжаттар талаптарын;
- дәннен және маймен эмульсия дайындаудың технологиялық сатылары;
- майлы эмульсияларды эмульгирлеудің теориялық негіздерін;
- қабықты және қабықсыз дәндерді өңдеудің ерекшеліктері.

білім алушы істей алуға тиіс:


- дәннен және майдан жасалатын эмульсияның оптималды технологиясын таңдауды негіздеуді;
- дәрілік заттардың физика-химиялық қасиеттеріне байланысты эмульгаторларды таңдауды;
- құрамына кіретін ингредиенттердің мөлшерін есептеуді;
- эмульсия құрамына физика-химиялық қасиеттері әртүрлі дәрілік заттарды енгізуді;
- негізгі технологиялық операцияларды жүйелі орындай отырып, эмульсияларды дайындау;
- дәрілік түрді тығындап, орамдап және босатуға безендіруді;
- эмульсияның сапасын бағалауды.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Эмульсиялар дәрілік түр ретінде. Артықшылықтары мен кемшіліктері. Эмульсиялардың медициналық іс-тәжірибеде қолданылуы.
2. Шикізат материалына және дайындау тәсіліне байланысты эмульсиялардың түрлері.
3. Дәннен жасалған эмульсия дайындау үшін қолданылатын дәрілік шикізат.
4. Тұқымдардың және жемістің қабығының түріне байланысты шикізатты өңдеу.
5. Майлы эмульсиялар дайындау тәсілдері. Оларды бағалау, майлы эмульсиялар дайындауда міндетті түрде сақталуы тиіс ережелер.
6. Эмульсияларды дайындауда қолданылатын эмульгаторлар. Олардың сипаттамасы.
7. Әсер ету сипаттамасына және медициналық тәжірибеде белгілену тәсіліне байланысты эмульгаторлардың жіктелуі.
8. Эмульгирлеу механизмі. Оның сипаттамасы.
9. Қасиеті әртүрлі дәрілік заттарды эмульсия құрамына енгізу.
10. Дәннен жасалған эмульсиялардың сапасын бағалаудың негізгі көрсеткіштері. Эмульсияларда тұрған кезде жүретін өзгерістер.
11. Эмульсияларды босатуға безендіру.

Сабақ басында білім алушылар білуі тиіс:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 7 шілдедегі № ҚР ДСМ-58 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы»;
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-286/2020 бұйрығы «Дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындауға лицензиясы бар, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілердің дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындау қағидаларын бекіту туралы»;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 31 беті	

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-11 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау қағидаларын бекіту туралы»;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-287/2020 бұйрығы «Дайындалған дәрілік препараттарға дәріханаішілік бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы».

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма 1. «Оральдік қолданылатын сұйық дәрі-дәрімектер» (ҚР МФ 1 бас., 500 бет. Оральдік ерітінділер, эмульсиялар және суспензиялар), «2.5.1.39 Эмульсии» (Фармакопея Евразийского экономического союза ЕАЭС, Том 1, часть 2, стр. 414. [https://eec.eaeunion.org/upload/medialibrary/9de/2-chast-1-toma-Farmakopei-Soyuza-s-vozmzhnostyu-poiska .pdf](https://eec.eaeunion.org/upload/medialibrary/9de/2-chast-1-toma-Farmakopei-Soyuza-s-vozmzhnostyu-poiska.pdf)) мақалаларын оқу және конспектілеу.

Тапсырма 2. Әр білім алушы журналдағы реттік нөміріне сәйкес асқабақ тұқымынан төменде ұсынылған салмақтық бірлігінде эмульсия дайындау үшін, күнделікке рецепт жазып, есептеулер жүргізіп, бақылау паспортын құрастыруы тиіс:

1. 40,0	3. 30,0	5. 25,0	7. 30,0	9. 25,0	11. 35,0	13. 25,0
2. 45,0	4. 35,0	6. 50,0	8. 45,0	10. 30,0	12. 20,0	14. 20,0

Тапсырма 3. Рецепттерді күнделікке жазу, есептеулерді барлық эмульгаторлармен (желатоза, 10% крахмал ерітіндісі, жұмыртқа сарысы және Т-2 эмульгаторымен) жүргізу, бақылау паспортын құрастыру, ингредиенттердің физика-химиялық қасиеттерін, дәрілік түрді дайындау технологиясын және теориялық дәйектемесін сипаттап жазу қажет. Рецепттер авторлары Сағындықова Б.А., Анарбаева Р.М. «Дәрілік түрлердің тәжірибелік технологиясы» оқулығының 209-212 б. берілген (2021 ж.).

1. 9о	3. 8	5. 15	7. 5о	9. 8о	11. 14	13. 3о
2. 4о	4. 11	6. 3	8. 7о	10. 7	12. 6	14. 9

Қажетті құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, кесте, келі, келсап, тест тапсырмаларының кешені және т.б.


5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

- Дәрілік түр ретінде эмульсияларға ҚР МФ қандай анықтамаларды береді?
- Дайындау жолдарына және түзілген материалға байланысты эмульсияларды қандай топтарға бөлуге болады?
- Тұқымдардан эмульсиялар қалай дайындалады?
- Тұқымдардан дайындалған эмульсиялардың эмульгаторларының табиғаты қандай?
- Дәннен дайындалатын эмульсияларға әртүрлі дәрілік заттарды қалай қосады?
- Эмульсия типтері және оларды қалай анықтауға болады?
- Эмульсияларды майлардан дайындаудың негізгі ережелері қандай?
- Майлы эмульсияларды дайындау кезіндегі міндетті түрде сақталатын ережелер.
- Біріншілік эмульсияның дайындығын қалай анықтайды?
- Эмульсияларды дайындау кезінде қандай майды және қанша көлемде алу қажет, егер ол рецепте көрсетілмесе?

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 32 беті	

11. Майлардан эмульсия жасау үшін қандай эмульгаторлар қолданылады?
12. Белгілі эмульгаторларға салыстырмалы сипаттама беріңіздер?
13. Майлы эмульсияларға әртүрлі дәрілік заттарды қалай қосады?
14. Эмульсияларға фенилсалицилатты, бензонафтолды қосу қалай жүргізіледі?
15. Эмульсияларды жіберуге безендіру.
16. Эмульсиялардың сапасын бағалау.

Ситуациялық есептер

1. Білім алушы асқабақ дәнінен 100,0 г эмульсия дайындаған кезде, салмағы 110,0 г эмульсия алды. Қатты қабығынан тазаланған 10,0 г асқабақ дәніне 100 мл тазартылған су қосып, мұқият және ұзақ араластырды. Сүзбей босататын құтыға құйды. Негізгі «Ішуге», қосымша «Қолданар алдында шайқаныз» этикеткаларымен безендірді.

Дәннен эмульсия дайындау қандай сатылардан тұрады? Тұрақтандыру эффектісі қалай қамтамасыз етіледі?

2. Rp.: Emulsi ex oleis Helianthi 100,0
 Phenylis salicylatis 2,0
 Miscе.Da. Signa. 1 ас қасықтан күніне 3 рет.

Білім алушы № 7 келіде 5,0 г желатозаны 7,5 мл тазартылған сумен араластырды, 10,0 г зәйтүн майын қосты. Бөлшектеп 77,5 мл тазартылған суды қосып араластырды. Басқа келіде 2,0 г фенилсалицилатты 1,0 г дайын эмульсиямен ысқылады, қалған эмульсияны қосып, босататын құтыға құйды. Микстура ретінде безендірді.

Дайындалған эмульсия сапасы туралы не айтуға болады? Эмульсиядағы фенилсалицилат қандай дисперсті жүйе түзеді? Білім алушы дайындау кезінде оның қандай қасиетін ескермеді?

Тестік тапсырмалар


1. Дайындау әдісі және бастапқы шикізатқа байланысты эмульсиялар ... жасалған эмульсиялар болып бөлінеді:

- A) дәннен, майдан
 - B) жемістерден
 - C) гидрофобты заттардан
 - D) гидрофильді заттардан
 - E) гигроскопиялық заттардан
2. Эмульсия дайындау кезінде міндетті түрде ... енгізу қажет:

- A) үшінші компонент-эмульгаторды
 - B) гидрофобты заттарды
 - C) ерімейтін қатты заттарды
 - D) гидрофильді заттарды
 - E) пролонгаторларды
3. Эмульгаторлар түрлері:
- A) ионогенді, бейионогенді
 - B) амфотерлі, бейионогенді, комплекстүзуші
 - C) ионогенді, бейионогенді, комплекстүзуші
 - D) амфотерлі, ионогенді, комплекстүзуші
 - E) амфотерлі, катионактивті, анионактивті

4. Дәннен эмульсия дайындағанда қажетті біріншілік эмульсияға арналған су мөлшері (дән салмағынан):

- A) 1/10
- B) 1/2
- C) 1/5
- D) 1/2,5

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 33 беті

Е) 1/20

5. Эмульсия дайындаған кезде рецепте май көрсетілмесе ... алады.

- A) шабдалы немесе бадам
- B) күнбағыс немесе мақта
- C) күнбағыс немесе абрикос
- D) күнбағыс немесе бадам
- E) мақта немесе шабдалы

6. Эмульгирлеу кезінде келісапты айландырады.

- A) спираль түрінде бір бағытта
- B) жұмысты интервалмен
- C) тәртіпсіз
- D) кезектесіп әр бағытта
- E) соқпалы ысқылау әсерімен

7. Эмульсия құрамына суда еритін заттарды ... енгізеді.


- A) сұйылтуға арналған су бөлігінде ерітіп
- B) эмульгатормен ысқылап
- C) ұсақ ұнтаққа дейін суспензия түрінде
- D) майда ерітіп
- E) ең соңында

8. Эмульсия құрамына майда, суда ерімейтін заттарды ... енгізеді.

- A) дайын эмульсияға суспензия түрінде
- B) эмульгатормен ысқылап
- C) сұйылтуға арналған су бөлігінде ерітіп
- D) маймен ысқылап
- E) соңында

9. Эмульсияның корпусын дайындауға қажетті су мөлшері:

- A) май және эмульгатор қосындысының $\frac{1}{2}$ бөлігіндей
- B) май және эмульгатор қосындысының $\frac{1}{10}$ бөлігіндей
- C) май және эмульгатор қосындысының $\frac{1}{5}$ бөлігіндей
- D) май және эмульгатор қосындысына теңдей мөлшерде
- E) май және дәрілік заттардың қосындысына теңдей мөлшерде

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 34 беті	

№9-САБАҚ

- Тақырыбы:** Құрамында алкалоидтар, жүрек гликозидтері, эфир майлары, сапониндер, иілік заттары және антрогликозидтер және шырышты заты бар шикізатпен сулы сығындылар дайындау.
- Мақсаты:** Дәрілік өсімдік шикізатын және экстрагент мөлшерін есептеуді, құрамында эфир майлары, иілік заттары, жүрек гликозидтері, алкалоидтар және т.б. бар қайнатпалар мен тұнбалар дайындау. Экстракт-концентраттарды пайдаланып сулы сығындылар дайындау.

3. Оқыту міндеттері:

білім алушы білуге тиіс:


- әсер етуші заттардың сығындылау механизмін;
- дәрілік өсімдік шикізатын экстрагирлеудің теориялық негіздерін (шикізат түрі, шикізаттың анатомия-морфологиялық ерекшеліктері, әсер етуші заттардың физика-химиялық қасиеттері, қосалқы заттардың әсері);
- экстракциялау тиімділігіне әсер ететін факторларын (шикізаттың майдалануы, шикізат пен экстрагент қатынасы, экстрагент қасиеті, экстрагирлеу режимі, концентрациялар айырмашылығы);
- жалбыз тікен тамырынан, зығыр дәнінен, салеп түйінінен шырыш дайындаудың ерекшеліктерін;
- экстракт-концентраттардың сипаттамасын және жіктелуін;
- өндіріс жағдайында дайындалатын экстракт-концентраттардың номенклатурасын;
- дәріханада сулы сығындыларды дайындауға қолданылатын қондырғыны қолдануын;
- сулы сығынды дайындау, сапасын бағалау және босату бойынша нормативті құжаттар талабын.

білім алушы істей алуға тиіс:

- шикізатты экстракциялауға дайындауды;
- жазылымдағы дәрілік өсімдік шикізатының, судың және басқа ингредиенттердің мөлшерін есептеуді;
- жоғары биологиялық белсенді немесе құрамында көбірек алкалоидтары бар шикізат массасына корректілер ендіру;
- дәрілік өсімдік шикізатының табиғатын ескеріп сулы сығындының оптимальды технологиясын дәйектеуді;
- тұнбалар және қайнатпаларды дайындауды: өсімдік шикізатын майдалау, елеу, өлшеу, суды өлшеу, белгілі температурада тұндыру, сүзу, шикізатты сығу, көлемін белгіге дейін сумен жеткізуді;
- экстракт-концентраттардың, судың, басқа ингредиенттердің мөлшерін есептеуді;
- экстракт-концентраттарды пайдаланып сулы сығындыларды дайындаудың оптимальды технологиясын таңдауды;
- сулы сығындылар дайындауда кіші механизация құралдарын қолдануды;
- тұнбалар мен қайнатпалардың сапасын бағалауды;
- дәрілік түрлерді орамдап, босатуға безендіруді.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Сулы сығындылар дәрілік түр ретінде. Еуразиялық экономикалық одақтың фармакопееясы және ҚР МФ сулы сығындыларды дайындау.
- Өсімдік шикізатын сумен экстракциялау механизмі. Экстракциялаудың теориялық негіздері.
- Сығындылау процесіне әсер ететін факторлар.
- ДӨШ сулы сығынды дайындаудың технологиялық схемасы.
- Тұнба және қайнатпа дайындау үшін қолданылатын аппараттар.
- Құрамында алкалоидтар, иілік заттар, антрогликозидтер, жүрек гликозидтері, эфир майлары бар өсімдік шикізаттарынан сулы сығындылар дайындау ерекшеліктері.
- Жалбыз тікен тамырынан, зығыр дәнінен, салеп түйінінен шырыш дайындаудың ерекшеліктері.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 35 беті	

8. Сулы сығындыларды экстракт-концентраттар қолданып дайындау.
9. Сулы сығындыларды нормативті құжаттар талаптарына сай сапасын бағалау, босатуға безендіру және сақтау ережелері.

Сабақ басында білім алушылар білуі тиіс:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 7 шілдедегі № ҚР ДСМ-58 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы»;
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-286/2020 бұйрығы «Дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындауға лицензиясы бар, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілердің дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындау қағидаларын бекіту туралы»;
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-11 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау қағидаларын бекіту туралы»;
4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-287/2020 бұйрығы «Дайындалған дәрілік препараттарға дәріханаішілік бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы».

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма 1. «2.5.1.12 Концентраты» (Фармакопея Евразийского экономического союза ЕАЭС, Том 1, часть 2., стр. 362.), «2.5.1.15 Настои и отвары» (Фармакопея Евразийского экономического союза ЕАЭС, Том 1, часть 2, стр. 367. [https://eec.eaeunion.org/upload/medialibrary/9de/2-chast-1-toma-Farmakopei-Soyuza-s-vozhnostyupoiska .pdf](https://eec.eaeunion.org/upload/medialibrary/9de/2-chast-1-toma-Farmakopei-Soyuza-s-vozhnostyupoiska.pdf)) мақалаларын оқу және конспектілеу.


Тапсырма 2. Әр білім алушы журналдағы реттік нөміріне сәйкес тапсырмада берілген рецептерді күнделікке жазу, өсімдік шикізатты және экстракт-концентраттарды (күрғақ немесе сұйық) қолданып есептеулер жүргізу, бақылау паспортын құрастыру, ингредиенттердің физика-химиялық қасиеттерін, дәрілік түрді дайындау технологиясын және теориялық дәйектемесін сипаттап жазу қажет. Рецептер авторлары Сағындықова Б.А., Анарбаева Р.М. «Дәрілік түрлердің тәжірибелік технологиясы» оқулығының 225-230 б. берілген (2021 ж.).

1.	1	17о	8.	23	3о
2.	2	16	9.	27	1о
3.	3	14о	10.	24о	11о
4.	4	16о	11.	20о	15о
5.	5	19о	12.	22о	17
6.	21	19	13.	21о	13
7.	25	4о	14.	13о	8

Ескерту: Ақмия (термопсис) шөбінен және оймақгүл (наперстянка) жапырақтарынан сулы сығындыны, шикізат құрамында әсер етуші заттардың мөлшері сәйкесінше 1,6 % алкалоидтары және жүрек гликозидтері 75-80 ЛЕД бар деп есептеңіздер.

Тапсырма 3. Әр білім алушы журналдағы реттік нөміріне сәйкес зығыр дәнінен шырыш дайындау үшін, күнделікке рецепт жазып, есептеулер жүргізіп, бақылау паспортын құрастыруы тиіс:

1.	40 мл	7.	25 мл	13.	80 мл
2.	20 мл	8.	55 мл	14.	85 мл
3.	35 мл	9.	60 мл		
4.	30 мл	10.	65 мл		
5.	50 мл	11.	70 мл		
6.	45 мл	12.	75 мл		

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 36 беті	

Қажетгі құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, кесте, келі, келсап, инфундирлік аппарат, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Тұнбалар және қайнатпалар. Анықтамасы. Жіктелуі.
2. Тұнбалар және қайнатпаларды дайындаудың негізінде қандай процестер жатыр?
3. Тұнбалар және қайнатпаларды дайындауда әсер етуші заттардың толық сығындылауына әсер ететін факторлар.
4. Тұнбалар және қайнатпаларды дайындау кезінде өсімдік шикізатының майдалану дәрежесі қандай болуы керек?
5. Рецептте көрсетілмесе тұнбалар мен қайнатпалардағы өсімдік шикізатының және сығынды көлемінің қатынасы қандай болуы тиіс?
6. Экстрагентке қандай талаптар қойылады?
7. Тұнбалар мен қайнатпаларды дайындау кезінде болатын шығындар қалай ескеріледі?
8. Тұнбалар және қайнатпаларды дайындаудағы айырмашылықтар.
9. “Жылдам” белгісі бар тұнбалар мен қайнатпаларды дайындаудың ерекшеліктері.
10. Құрамында алкалоидтары бар өсімдік шикізатынан сулы сығынды дайындау.
11. Құрамында иілік заттары, антрагликозидтері бар өсімдік шикізатынан сулы сығынды дайындау ерекшеліктері.
12. Құрамында эфир майлары бар өсімдік шикізатынан сулы сығынды дайындау.
13. Құрамында жүрек гликозидтері бар өсімдік шикізатынан сулы сығынды дайындау.
14. Сулы сығындыға дәрілік заттарды қалай енгізеді?
15. Сулы сығындыны өсімдік шикізатынан дайындағанда дәрілік заттардың концентрлі ерітінділерін не себепті пайдалануға болмайды?
16. Сулы сығындының сапасын бағалау. Тұнбалар мен қайнатпалардың сақталу мерзімдері.


Ситуациялық есептер

1. Ал: Кодеиннен 0,12
 Жалынғұл шөбінен 6,0: 200 мл
 Натрий бромидінен
 Калий бромидінен тең мөлшерде 4,0
 Араластыр. Жібер. Босат. 1 ас қасықтан күніне 3 рет.

Білім алушы 3 мм дейін майдаланған (Белсенділігі 80 БӘБ) жалынғұл шөбінен 6 г өлшеп, инфундирлік стаканға 212 мл суды құйды, 30 минутқа қайнап тұрған су моншасына қойды, бөлме температурасында 45 минут салқындатты, сүзді және 0,12 кодеинді, 4,0 натрий бромидін, 4,0 калий бромидін ерітті. Араластырды және «Микстура» этикеткасымен безендірді. Сигнатура жазды.

Білім алушы қимылын сын көзбен бағалаңыз.

2. Ал: Жалбыз тікен тамырынан қайнатпа 8,0 – 200 мл
 Димедролдан 0,3
 Эфедирин гидрохлоридінен 0,15
 Калий йодидінен 6,0

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 37 беті	

Араластыр. Жібер. Босат. 1 ас қасықтан күніне 3 рет 12 жасар балаға.

Білім алушы перфорирленген инфундирлік стаканға 8,0 г майдаланған жалбыз тікен тамырын салып, 200 мл тазартылған су құйды және бөлме температурасында периодты араластыра отырып 30 миут тұндырды. Содан соң екі қабат дәке арқылы қосымша ыдысқа шикізатты сығып, сүзді. Дайындалған тұнбада 0,3 г димедролды, 0,15 г эфедрин гидрохлоридін ерітті және 30 мл (1:5) калий йодиді ерітіндісін қосты. Ішуге арналған этикеткамен безендірді.

Жазылымды латын тіліне аударыңыз. Білім алушы орындаған есептеулерді тексеріңіз. Дайындау кезінде қандай қателіктер жіберілді? Эфедрин гидрохлоридімен жұмыс істеу және босатуға безендіру ерекшеліктерін көрсетіңіз. Бақылау паспортын жазыңыз.

Оқу есебі

Ал: Жалбызтікен тамырының тұнбасынан 150 мл
 Гексаметилентетраминнен
 Натрий гидрокарбонатынан тең мөлшерде 2,0
 Көкірек элексиінен 3 мл
 Қант шырынынан 20 мл ал

Араластыр. Босат. Белгіле. 1 ас қасықтан күніне 3 рет.

Қосымша ыдыста 195 мл суды өлшеп, онда 9,75 г жалбызтікен тамырының құрғақ экстрактысын (1:1), 2,0 гексаметилентетраминді, 2,0 натрий гидрокарбонатын ерітті. 20,0 г қант шырынын және бірден 3 мл көкірек элексиірін қосты. Араластырды және босатуға «Микстура» ретінде безендірді.

Рецепті латын тілінде жазып, есептеуін жүргізіңіз және білім алушының қимылын бағалаңыз.

Тестік тапсырмалар

1. 7,0 жалынғұл шөбінен 210 мл сулы сығынды дайындау үшін белсенділігі 70 БӘБ шикізаттан қанша алу керек /МФ XI бойынша шикізат белсенділігі 66 БӘБ/:

- A) 6,6
- B) 6,0
- C) 8,0
- D) 7,0
- E) 25,0

2. Алколидтары 2,1 % /стандартты шикізатта алколоид мөлшері МФ бойынша 1,5% кем емес/ термопсис шөбінің 1:400-180 мл тұнбасын дайындауға қажетті шикізат мөлшері:


- A) 0,32
- B) 0,18
- C) 2,22
- D) 0,50
- E) 0,45

3. Құрамында шырышы бар өсімдік:

- A) жалбызтікен
- B) шүйгіншөп тамырсабағы
- C) термопсис шөбі
- D) итшомырт қабығы
- E) аюқұлақ жапырағы

4. 1:30-120 мл меруертгүл шөбінен сығынды дайындауға қажетті шикізат пен су мөлшері:

- A) 4,0 және 130 мл
- B) 0,3 және 130 мл
- C) 1,2 және 123 мл
- D) 6,0 және 130 мл
- E) 12,0 және 150 мл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 38 беті	

5. 1:30-180 мл спорынъя сулы сығындысын дайындауға құрамындағы алколоидтары 0,07 % шикізат /МФ бойынша 0,05%/ мөлшері:

- A) 4,3
- B) 6,0
- C) 13,3
- D) 9,0
- E) 18,0

6. Су сіңіру коэффициенті дегеніміз 1,0 дәрілік шикізаттың бойында ... кейін қалатын су мөлшері:

- A) сыққаннан
- B) сүзгеннен
- C) еріткеннен
- D) фильтрленгеннен
- E) суытқаннан

7. Жапырақтардың, гүлдердің, шөптердің майдалану дәрежесі ... ірі емес болуы тиіс:

- A) 5 мм
- B) 3 ммс
- C) 10 мм
- D) 0,5 мм
- E) 1 мм

8. Итшомырт қабығынан 280 мл сығындыдайындауға қажет шикізат пен су мөлшері (су сіңіру коэффициенті 1,6):


- A) 28,0 325 мл
- B) 2,8 285 мл
- C) 14,0 303 мл
- D) 0,7 280 мл
- E) 1,6 281,6 мл

9. Жалбызтікен тамырының сулы сығындысынан 1:20 - 180 мл дайындауға қажетті шикізат пен су мөлшері (шығын коэффициенті 1,3):

- A) 11,7 243 мл
- B) 6,0 172,2 мл
- C) 7,8 192 мл
- D) 9,0 180 мл
- E) 18,0 218 мл

10. Төмендегі шикізаттардың бірінің сулы сығындысын дайындағанда алдын ала салқын сумен шайылған шикізатты ыстық сумен 15 минут бойы шайқап араластырып, сүзсе жеткілікті. Ол:

- A) зығыр дәні
- B) сасық шөп шөбі
- C) салеп түйнегі ұнтағы
- D) шайқурай шөбі
- E) жалбыз тікен

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 39 беті	

№10-САБАҚ

1. Тақырыбы: Гомогенді және гетерогенді линименттерді дайындау.

2. Мақсаты: Дәрілік заттардың физика-химиялық қасиеттерін ескере отырып әр түрлі дисперстік жүйелі линименттер дайындауды және олардың сапасын бағалауды және босатуға безендіруді үйрену.

3. Оқыту міндеттері:

білім алушы білуге тиіс:

- линименттерді дайындаудың теориялық негізін;
- линименттер құрамына енетін ингредиенттердің қасиеттерін;
- дәрілік түрлерді дайындау, сапасын бағалау және дәріханадан босату туралы НҚ талаптарын.

білім алушы істей алуға тиіс:

- линименттердің тиімді технологиясын таңдай білу;
- линименттерді дайындау кезінде негізгі технологиялық операцияларды іске асыру (өлшеу, араластыру, майдалау, еріту және эмульгирлеу);
- дайындалған линименттердің сапасын бағалау;
- дайын дәрілік түрді тығындап, босатуға безендіру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Линименттер. Анықтамасы. Жіктелуі, сипаттамасы, оларға қойылатын негізгі талаптар.
2. Линименттерді дайындаудың технологиялық сатылары.
3. Линименттердің тұрақтылығын артыратын БАЗ. Номенклатуралары.
4. МФ басылымына енген официналды линименттер.
5. Нормативтік құжаттар талабына сай линименттердің сапасын бағалау, босатуға безендіру және сақтау ережелері.


Сабақ басында білім алушылар білуі тиіс:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 7 шілдедегі № ҚР ДСМ-58 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы»;
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-11 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау қағидаларын бекіту туралы»;
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-287/2020 бұйрығы «Дайындалған дәрілік препараттарға дәріханашілік бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы».

Тақырып бойынша тапсырма:

Тапсырма 1. Рецепттерді күнделікке жазу, есептеулер жүргізу, бақылау паспортын құрастыру, ингредиенттердің физика-химиялық қасиеттерін, дәрілік түрді дайындау технологиясын және теориялық дәйектемесін сипаттап жазу қажет. Рецепттер авторлары Сағындықова Б.А., Анарбаева Р.М. «Дәрілік түрлердің тәжірибелік технологиясы» оқулығының 265-269 б. берілген (2021 ж.).

1.	1	6о	8.	3о	8
1.	2	7о	9.	4о	9

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 40 беті	

3.	3	80	10.	50	10
4.	4	90	11.	11	130
5.	5	100	12.	110	13
6.	10	6	13.	90	15
7.	20	7	14.	120	16

Қажетті құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, кесте, келі, келсап, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Линименттердің дәрілік түр ретінде анықтамасы.
2. Линименттер дисперсті жүйе ретінде нені көрсетеді?
3. Гомогенді, гетерогенді және аралас линименттердің технологиялық сатылары.
4. Суспензиялық линименттердің тұрақтылығын қалай арттыруға болады? Вишневский линиментінің құрамы.
5. Эмульсиялық линименттер. Олардың технологиясы және қолданылатын тұрақтандырғыштар. Аммиак линиментінің құрамы.
6. Қандай линименттер аралас линименттер деп аталады? Стрептоцидті және синтомицинді линименттер құрамы және олардың технологиясы.
7. Линименттерді орамдап, безендіру және босату ерекшеліктері.
8. Линименттердің сапасын қандай көрсеткіштері бойынша бағалайды?

Ситуациялық есеп


Ал: Камфордан 1,0
 Меңдуана майынан 20,0
 Аммиак ерітіндісінен 5 мл
 Хлороформнан 5,0
 Линимент түзілгенше араластыр.
 Белгіле. Босат. Жіліңшікті ысқылау үшін.

Білім алушы босататын құтыны тазартылған сумен шайып, оған 1,0 г камфораны өлшеп салды. Техникалық таразыда құтыны тарирлеп меңдуана майын өлшеді, 5 мл аммиак ерітіндісін және 5 мл хлороформды қосты, тығындады, араластырды, «Сырт тәңгең және «Қолданар алдында шайқаңыз» қосымша этикеткаларымен безендірді.

Жазылымды латын тіліне аударыңыз. Білім алушы ингредиенттердің қандай физика-химиялық қасиеттерін ескермеді? Хлороформды дозалауда қандай қателік жіберді? Линименттерді дайындаудың және сақтаудың ерекшеліктері қандай? Линименттің қандай типі түзіледі? Бақылау паспортын жазыңыз.

Тестік тапсырмалар

1. Олеин қышқылын мүсәтір линименті құрамына қосу мақсаты:
 - A) эмульгатор мөлшерін көбейту
 - B) мүсәтірді ұшып кетуден сақтау
 - C) әлсіз қышқыл орта жасау
 - D) дәрінің фармакологиялық әсерін жақсарту
 - E) әлсіз негізді орта жасау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 41 беті

2. Аралас линимент:

- A) синтомицинді және стрептоцидті
- B) мүсәтір
- C) Вишневский бойынша
- D) синтомицинді және мүсәтір
- E) стрептоцидті және мүсәтір

3. Гомогенді линименттер технологиясында ... сатысы жүргізілмейді.

- A) майдалау
- B) еріту
- C) сапасын бағалау
- D) араластыру
- E) орамдау және безендіру

4. Линименттер құрамына дерматолды ... енгізеді.

- A) суспензия түрінде
- B) ерігінді түрінде
- C) эмульсия түрінде
- D) майлы компонентті ерітіп
- E) желатозамен ысқылап

5. Олеин қышқылынан 0,2, мүсәтір ерігіндісінен 5 мл, қара мендуана майынан 15,0 жазылымы бойынша дәрілік түр ... линиментке жатады.

- A) эмульсиялық
- B) гомогенді
- C) суспензиялық
- D) гетерогенді
- E) аралас

6. Официнальды суспензиялық линимент:

- A) Вишневский бойынша
- B) стрептоцидті
- C) мүсәтір
- D) ксероформды
- E) синтомицинді

7. Ұшқыш линимент құрамына суда еритін компоненттерді енгізу жолы:

- A) мүсәтір ерігіндісінде ерітеді
- B) судың аз мөлшерінде ерітеді
- C) спиртте ерітеді
- D) соңында қосады
- E) олеин қышқылымен араластырады

8. Линименттер консистенциясы бойынша:

- A) қою сұйықтықтар
- B) жағар майлар
- C) қатты заттар
- D) ерігінділер
- E) суспензиялар

9. Эмульсиялық линименттер - бұл күрделі дәрілік жүйе, құрамына эмульгатордан басқа міндетті түрде ... енеді.

- A) майлы және сулы компоненттер
- B) глицерин
- C) спирт
- D) су немесе дәрілік заттардың сулы ерігіндісі
- E) суда еритін дәрілік заттар

10. Емдік қасиеті бар линимент негізі:

- A) қара мендуана майы
- B) күнбағыс майы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 42 беті	

- C) эсилон-5
- D) шабдалы майы
- E) вазелин майы

№11-САБАҚ

1. Тақырыбы: Жағар майлар технологиясы.

2. Мақсаты: Дәрілік заттардың физика-химиялық қасиеттерін ескере отырып жағар майдың типін анықтауды, гомогенді және гетерогенді жағар майды дайындауды, олардың сапасын бағалауды үйрену.

3. Оқыту міндеттері:

білім алушы білуге тиіс:

- жағар май негіздерінің қасиеттері мен номенклатурасын;
- жағар майға және негіздерге қойылатын талаптарды;
- дисперстік жүйе бойынша жағар майлар жіктелуін;
- гомогенді жағар майлар технологиясының ерекшеліктерін;
- гетерогенді және аралас жағар майды дайындаудың теориялық негіздерін;
- дәріханада жағар майларды дайындау, сапасын бағалау және босату бойынша нормативті құжаттардың талаптарын.

білім алушы істей алуға тиіс:


- жағар май түрін, жазылған дәрілік заттардың негізбен және бір-бірімен сыйымдылығын анықтауды;
- дәрілік зат пен негіздің мөлшерін официналды және магистральды жазылымын ескере отырып есептеуді;
- негізге дәрілік заттарды дұрыс енгізуді;
- дайын дәрілік түрдің сапасын бағалауды;
- негізгі технологиялық сатыларын орындай отырып эмульсиялық және аралас жағар майларды дайындауды;
- дәрілік түрді орамдап, босатуға безендіру, сапасын бағалауды.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Жағар майлар. Анықтамасы, сипаттамасы. Жіктелуі.
2. Жағар май үшін негіздер. Сипаттамасы. Жіктелуі. Оларға қойылатын талаптар.
3. Жағар май дайындаудың жалпы ережелері.
4. Жағар май құрамына дәрілік заттарды енгізудің негізгі ережелері.
5. Гомогенді жағар майлар дайындау.
6. Суспензиялық жағар майлар дайындау.
7. Эмульсиялық жағар майлар дайындау.
8. Аралас жағар майлар дайындау.
9. МФ енгізілген официналды жағар майлар құрамы.
10. Жағар майларды орамдау және сапасын бағалау.

Сабақ басында білім алушылар білуі тиіс:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 7 шілдедегі № ҚР ДСМ-58 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы»;
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-11 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау қағидаларын бекіту туралы»;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 43 беті	

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-287/2020 бұйрығы «Дайындалған дәрілік препараттарға дәріханаішілік бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы».

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма 1. «Жергілікті қолданылатын жұмсақ дәрі-дәрмектер» (ҚР МФ 1 бас., 524 бет), «2.5.1.40. Мягкие лекарственные формы» (Фармакопея Евразийского экономического союза ЕАЭС, Том 1, часть 2, стр. 416. [https://eec.eaeunion.org/upload/medialibrary/9de/2-chast-1-toma-Farmakopei-Soyuza-s-vozmozhnostyu-poiska .pdf](https://eec.eaeunion.org/upload/medialibrary/9de/2-chast-1-toma-Farmakopei-Soyuza-s-vozmozhnostyu-poiska.pdf)) мақалаларын оқу және конспектілеу.

Тапсырма 2. Оқу үдерісіне авторлары Анарбаева Р.М. фарм.ғ.к., проф.м.а., Ағжол Ә.А. денсаулық сақтау магистрі «Скипидар жағар майының технологиясын жетілдіру» тақырыбындағы магистрлік жобаның зерттеу нәтижелерін енгізу.

№1 және №2 құрамы бойынша скипидар жағар майының құрамын латын тілінде жазыңыз, есептеулер жүргізіңіз, жазбаша бақылау паспортын толтырыңыз, дайындау технологиясын теориялық дәйектемесімен сипаттаңыз:

№1 құрам		№2 құрам	
Терпентин майы	20,0	Терпентин майы	20,0
Эмульгатор Т-2	8,0	Димексид	5,0
Вазелин	48,0	Эмульгатор Т-2	10,0
Тазартылған су	24,0	Вазелин	40,0
		Ши майы	4,0
		Тазартылған су	21,0

Тапсырма 3. Рецепттерді күнделікке жазу, есептеулер жүргізу, бақылау паспортын құрастыру, ингредиенттердің физика-химиялық қасиеттерін, дәрілік түрді дайындау технологиясын және теориялық дәйектемесін сипаттап жазу қажет. Рецепттер авторлары Сағындықова Б.А., Анарбаева Р.М. «Дәрілік түрлердің тәжірибелік технологиясы» оқулығының 245-256 б. берілген (2021 ж.).

1.	1	30	26 ₀	8.	4	9	28 ₀
2.	3	31	27 ₀	9.	5 ₀	10	29 ₀
3.	4	32	21	10.	21 ₀	12	30 ₀
4.	5	33	22	11.	1 ₀	14	26 ₀
5.	1 ₀	6	23	12.	2 ₀	6 ₀	27 ₀
6.	2 ₀	7	24	13.	3 ₀	7 ₀	21
7.	3 ₀	8	30 ₀	14.	4 ₀	8 ₀	22

Қажетті құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, кесте, келі, келсап, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу, Ә.А. Ағжолдың «Скипидар жағар майының технологиясын жетілдіру» тақырыбындағы магистрлік жобаның зерттеу нәтижелерін қолдану.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Жағар майлар. Анықтамасы. Жіктелуі.
2. Негіздерге қойылатын талаптар.
3. Негіздердің жіктелуі.
4. Дәрілік заттарды жағар майларға енгізу ережелері.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 44 беті	

5. Гидрофильді және гидрофобты жағар майлар негіздері.
6. Дифильді жағар майлар негіздері.
7. МФ ІХ, Х енгізілген гомогенді жағар майларды атаңыз.
8. Гидрофобты негіздерге қандай қасиеттер тән?
9. Суспензиялық жағар майларды дайындау қандай сатылардан тұрады?
10. Қатты фазасы 5% дейін және одан жоғары жағар майлар технологиясының айырмашылықтары неде?
11. Паста дегеніміз не? Оларды дайындау ережелері қандай?
12. Суспензиялық жағар майларды дайындау қандай сатылардан тұрады?
13. МФ ІХ, Х енгізілген эмульсиялық жағар майларды атаңыз.
14. Аралас жағар майлар дегеніміз не және оларды қалай дайындайды?
15. Жағар майларды орамдау және босатуға безендіру ережелері қандай?
16. Жағар майлардың сапасын бағалау.

Ситуациялық есептер

Жағар майлар технологиясына сыни баға беріңіз, тиімді тәсілін ұсыныңыз және теориялық негіздеңіз:

1. Ал.: Камфора жағар майынан 10,0
Ментолдан 0,2
Араластыр. Жағармай жасалынсын.
Босат. Белгіле. Буындарды ысқылау үшін.


Білім алушы келіге 1,0 камфора мен 0,2 ментолды салды, вазелинді бөлшектеп қосып, араластырды. Жағармайды банкіге салды. «Сырт тэнге» этикеткасымен безендірді.

2. Ал.: Стрептоцид жағар майынан 20,0
Резорциннен 0,5
Араластыр. Жағармай жасалынсын.
Босат. Белгіле. Терінің зақымдалған жеріне жағу үшін.


Білім алушы келіге резорцинді салып, 10 тамшы суда ерітті, 2,0 г стрептоцидті қосып, мұқият майдалады, сосын 18,0 г вазелин қосып, араластырды. Жағармайды банкіге салды. «Жағар май» негізгі және «Салқын жерде сақта» қосымша этикеткасымен безендірді.

Тестік тапсырмалар

1. Жағар майлар дегеніміз теріге, жараға немесе кілегей қабатқа жағуға арналған ... дәрілік түр.
 - A) жұмсақ
 - B) қатты
 - C) сұйық
 - D) қою
 - E) тұтқыр
2. Эмульсиялық официналды жағар майы:
 - A) ихтиол
 - B) көз
 - C) мырыш
 - D) күкірттің қарапайым
 - E) нафтаган
3. Мырыш жағар майы технологиялық жіктелуі бойынша ... жағар майына жатады.
 - A) гетерогенді суспензиялық
 - B) гомогенді балқыма
 - C) гомогенді ерітінді
 - D) гетерогенді эмульсиялық
 - E) аралас
4. Протаргол мен колларголды жағар май құрамына енгізу жолы:
 - A) суда ерітеді
 - B) спирт-су-глицерин қоспасында ерітеді

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 45 беті	

- С) негізге жақын сұйықтықпен ысқылайды
 D) балқыған негізді қосып майдалайды
 E) глицеринді ерітеді
5. Ментолдан 0,2, эфедрин гидрохлоридінен 0,1, мырыш тотығынан 1,0, ланолиннен 5,0, вазелиннен 10,0 жазылымы бойынша дәрілік түр ... жағар майына жатады.
 A) аралас
 B) ерітінді
 C) балқыма
 D) суспензиялық
 E) эмульсиялық
6. Балқыма-жағар майларды дайындағанда балқытуды ... ингредиенттен бастайды.
 A) балку температурасы жоғары
 B) ұшқыш
 C) балку температурасы төмен
 D) иісті
 E) ассистент таңдаған
7. Қатты фазасы жағар май салмағының 5% кем суспензиялық жағар май технологиясының дұрыс реттілігі:
 A) негізге жақын сұйықтықпен ысқылау, негізбен араластыру, орамдау, безендіру, сапасын бағалау
 B) негізбен араластыру, орамдау, сапасын бағалау, безендіру
 C) негізбен араластыру, орамдау, безендіру, сапасын бағалау
 D) негізде еріту, орамдау, безендіру, сапасын бағалау
 E) суда еріту, негізбен араластыру, орамдау, безендіру, сапасын бағалау
8. Протаргол мен колларголды жағар май құрамына енгізу жолы:
 A) суда ерітеді
 B) спирт-су-глицерин қоспасында ерітеді
 C) негізге жақын сұйықтықпен ысқылайды
 D) балқыған негізді қосып майдалайды
 E) глицеринді ерітеді
9. Құрғақ және қою экстракттарды жағар май құрамына ... ерітіп енгізеді.
 A) спирт-су-глицерин қоспасында
 B) суда
 C) глицеринде
 D) спирте
 E) құрамы бойынша негізге жақын сұйықтықта
10. Құрамы димедролдан 0,1, ланолин мен вазелиннен теңдей 5,0 тұратын жағар май дайындау барысында, димедролды жағар май құрамына ... енгізеді.
 A) эмульсиялық түрде
 B) суспензиялық түрде
 C) ланолинде ерітіп
 D) негізде ерітіп
 E) спирте ерітіп
11. Жағар май құрамындағы улы және күшті әсер етуші заттардың дозасын ...
 A) тексермейді
 B) міндетті түрде тексереді
 C) қажет болған жағдайда тексереді
 D) тексереді, егер жағар май ашық жараға тағайындалса
 E) тексереді, егер жағар май балаларға тағайындалса
12. Липофильді жағар май негізінде эмульсия түрінде ... енгізіледі.
 A) протаргол
 B) камфора
 C) сынап амидохлориді
 D) стрептоцид

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 46 беті	

- Е) ментол
13. Гидрофильді жағар май негізіне ерітінді түрінде ... енгізеді.
- А) димедрол
- В) тимол
- С) сынап амидохлориді
- Д) стрептоцид
- Е) норсульфазол

№12-САБАҚ

1. Тақырыбы: Суппозиторийлер технологиясы.

2. Мақсаты: Суппозиторийлерді қолмен илеу және қалыпқа құю әдістерімен дайындауды үйрену. Нормативті құжаттар талабына, теориялық қағидалар және дәрілік заттар мен көмекші заттардың қасиеттерін ескере отырып сапасын бағалауды үйрену.

3. Оқыту міндеттері:

білім алушы білуге тиіс:

- суппозиторийлерді әр түрлі дәрілік заттармен қолмен илеу және қалыпқа құю әдістерімен дайындаудың теориялық негіздерін;
- суппозиторийлерді қолмен илеу және қалыпқа құю әдістерімен дайындау бойынша нормативті құжаттар талабына сәйкес сапасын бағалауды және дәріханадан босатуды.

білім алушы істей алуға тиіс:


- суппозиторийлердегі улы және күшті әсер ететін дәрілік заттардың дозасын тексеру;
- қолмен илеу және қалыпқа құю әдістерімен суппозиторийлерді дайындау үшін дәрілік және қосымша заттардың мөлшерін есептеу;
- негіздің және дәрілік заттың физика-химиялық қасиеттерін ескеріп оптимальді технологиясын негіздеу және таңдау;
- өлшеу, майдалау, еріту, эмульгирлеу, негізбен араластыру, дозалау, қалыптау сатыларын ескере отырып суппозиторийлер массасын дайындау;
- суппозиторийлерді қолмен илеу және құю әдістерімен дайындау үшін қолданылатын кіші механикалық қондырғылар;
- дайын дәрілік түрді орамдау, босатуға безендіру және сапасын бағалауды.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Суппозиторийлер. Анықтамасы, сипатамасы. Жіктелуі. Оларға қойылатын талаптар.
2. Суппозиторийлер үшін негіздер. Оларға қойылатын талаптар. Жіктелуі: гидрофобты және гидрофильді. Какао майы және оны алмастырғыштардың сипаттамасы. Полиэтиленоксидті, желатин-глицеринді және т.б. негіздер.
3. Суппозиторийлерді қолмен илеу әдісімен дайындау технологиясы. Бұл әдіспен қолданылатын негіздер.
4. Суппозиторийлерді қалыпқа құю әдісімен дайындау технологиясы. Орын басу коэффициенті және өту модулі мәндері.
5. Суппозиторийге дәрілік заттарды енгізудің негізгі ережелері.
6. Суппозиторийді қолмен илеу және қалыпқа құю әдісімен дайындау үшін қолданылатын қондырғылар.
7. Суппозиторийлерді орамдау және сақтау.
8. Суппозиторийлердің сапасын бағалау.

Сабақ басында білім алушылар білуі тиіс:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 7 шілдедегі № ҚР ДСМ-58 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 47 беті	

- объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы»;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-11 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау қағидаларын бекіту туралы»;
 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-287/2020 бұйрығы «Дайындалған дәрілік препараттарға дәріханаішілік бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы».

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма 1. «Қынаптық қолданылатын дәрі-дәрмектер» (ҚР МФ 1 бас., 507 бет), «Тік ішекке қолданылатын дәрі-дәрмектер» (ҚР МФ 1 бас., 517 бет), «2.5.1.32. Суппозитории и палочки» (Фармакопея Евразийского экономического союза ЕАЭС, том 1, часть 2, стр. 397. [https://eec.eacunion.org/upload/medialibrary/9de/2-chast-1-toma-Farmakopei-Soyuza-s-vozmozhnostyu-poiska .pdf](https://eec.eacunion.org/upload/medialibrary/9de/2-chast-1-toma-Farmakopei-Soyuza-s-vozmozhnostyu-poiska.pdf)) мақалаларын оқу және конспектілеу.

Тапсырма 2. Рецепттерді күнделікке жазу, есептеулер жүргізу, бақылау паспортын құрастыру, ингредиенттердің физика-химиялық қасиеттерін, дәрілік түрді дайындау технологиясын және теориялық дәйектемесін сипаттап жазу қажет. Рецепттер авторлары Сағындықова Б.А., Анарбаева Р.М. «Дәрілік түрлердің тәжірибелік технологиясы» оқулығының 282-288 б. берілген (2021 ж.).

1.	1о	17	8.	12о	1
2.	2о	20	9.	13о	2
3.	3о	21	10.	14о	3
4.	4о	20	11.	15о	4
5.	5о	22	12.	16о	5
6.	6о	23	13.	17о	6
7.	8о	24	14.	19	7

Қажетті құрал-жабдықтар: дәрілік заттар, химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, кесте, келі, келсап, пиллюлялық машина, суппозиторийлік қалып, тест тапсырмаларының кешені және т.б.


5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, оқыту және ситуациялық есептер шығару, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

- Суппозиторийлер. Анықтамасы. Жіктелуі.
- Ректальді дәрілік түрлердің артықшылықтары қандай?
- ҚР МФ басылымы бойынша суппозиторийлерге қойылатын талаптар.
- Неге суппозиторийлердің салмағына шектеу қойылған?
- Не себепті суппозиторийлерге улы және күшті әсер ететін дәрілік заттардың дозасын тексереді?
- Суппозиторийлік негіздер қалай жіктелінеді?
- Суппозиторийлік негіздерге қойылатын талаптар қандай?
- Суппозиторийлерді қолмен илеу және қалыпқа құю арқылы дайындау сатылары.
- Қолмен илеу және қалыпқа құю бойынша дайындалған суппозиторийлер дайындау үшін қолданылатын негіздердің айырмашылығы неде?
- Суппозиторийлердің сапасын бағалау қандай көрсеткіштері бойынша жүргізіледі?

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 48 беті	

Ситуациялық есеп


Ал.: Осарсолдан 0,2
 Глюкозадан 0,5
 Желатин-глицерин қоспасынан жеткілікті мөлшерде
 Пессарий түзілгенше араластыр.
 Осындай 30 доза босат.
 Белгіле: 1 пессарийден күніне 2 рет.

Білім алушы 15,0 желатинға 30 мл су қосты, 40 минутқа ісінуге қалдырды. Келіде 6,0 г осарсолды және 15,0 глюкозаны ұнтақтады. Желатинге 75,0 глицерин және ұнтақтар қоспасын қосты, су моншасына қойды. Массаны вазелин майымен сүртілген қалыпқа құйды. Пессарийлерді балауыздалған капсулаларға орамдап, картон қорапқа салып, «Сырт тәңгең этикеткасымен безендірді.


Жазылымды латын тіліне аударыңыз. Есептеулердің дұрыстығын тексеріңіз. Негізді есептеуде қандай коэффициент қолданылады? Бақылау паспортын жазыңыз.

Тестік тапсырмалар

1. Суппозиторийлер ... арналған дәрілік түрлер.
 - A) сыртқа қолдануға
 - B) ішуге
 - C) күре тамырға құюға
 - D) бұлшық етке енгізуге
 - E) көзге
2. Суппозиторийлерді илеу әдісімен дайындаған фурацилинді негізге енгізу үшін:
 - A) жұқа майдалайды
 - B) спирт-су-глицерин қоспасымен араластырады
 - C) суда ерітеді
 - D) глицеринде ерітеді
 - E) маймен эмульгирлейді
3. Суппозиторийлер құрамындағы улы және күшті әсер ететін дәрілер дозаларын:
 - A) міндетті түрде тексереді
 - B) тексермейді
 - C) тексереді, егер суппозиторийлер балаларға арналған болса
 - D) ауру жасына байланысты тексереді
 - E) тексереді, егер бірнеше улы заттар жазылған болса
4. Какао майы ... негіздерге жатады.
 - A) липофильді
 - B) дифильді
 - C) гидрофильді
 - D) эмульсиялық
 - E) абсорбциялық
5. Рецепте көрсетілмесе вагинальды суппозиторийлер ... салмақта дайындалады.
 - A) 4,0
 - B) 5,0
 - C) 4,5
 - D) 3,5
 - E) 3,0
6. Суппозиторийлердің толық деформациялану уақыты:
 - A) 3-15 минут
 - B) 1-3 минут
 - C) 1 тәулік

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 49 беті	

- D) 10 минут
 E) 1 сағат
7. Қалыпқа құю әдісімен суппозиторийлер дайындау үшін қолдануға болмайтын негіз:
- A) какао майы
 B) желатин- глицеринді
 C) бутирол
 D) сабынды- глицеринді
 E) ПЭО
8. Рецептте көрсетілмесе ректальды суппозиторийлер ... салмақта дайындалады.
- A) 3,0
 B) 2,3
 C) 2,5
 D) 3,5
 E) 4,0
9. Гидрофильді негізде суппозиторийлерді ... әдісімен дайындайды.
- A) қалыпқа құю
 B) тамшы
 C) қос цилиндр
 D) илеу
 E) конденсациялық
10. Суппозиторийлер дене қуыстарына енгізу арқылы қолданылатын, консистенциясы бөлме температурасында ... дозаланған дәрілік түрлер.
- A) қатты
 B) қою
 C) сілбі тәрізді
 D) жұмсақ
 E) эмульсиялық
11. Суппозиторийлерді қолмен илеу, қалыпқа құю және ... әдістерімен дайындайды.
- A) престеу
 B) таблеттеу
 C) еріту
 D) драждеу
 E) түйіршіктеу
12. Кері орын басу коэффициенті дегеніміз:
- A) 1 г дәрілік заттың орнын басатын майлы негіз мөлшері
 B) 1 г майлы негіздің орнын басатын дәрілік зат мөлшері
 C) 2 г дәрілік заттың орнын басатын майлы негіз мөлшері
 D) 2 г майлы негіздің орнын басатын дәрілік зат мөлшері
 E) дәрілік зат пен майлы негіз мөлшері
13. Суппозиторийлер негізі какао майы болса, оларды ... әдісімен дайындайды.
- A) илеу
 B) қалыпқа құю
 C) престеу
 D) тамшы
 E) қос цилиндр
14. Гидрофильді негізде суппозиторийлерді ... әдісімен дайындайды.
- A) қалыпқа құю
 B) тамшы
 C) қос цилиндр
 D) илеу
 E) конденсациялық

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 50 беті	

15. МФ бойынша рецепте көрсетілмесе суппозиторийлерді ... негізінде дайындайды.


- A) какао майы
- B) жапон коричнигі майы
- C) бутирол
- D) желатин-глицеринді
- E) ПЭО

16. МФ басылымы бойынша суппозиторийлер сапасын бақылағанда ... тексерілмейді.

- A) тұтқырлығы
- B) еру уақыты
- C) толық деформациялану уақыты
- D) балқу уақыты
- E) өлшемі және формасы

17. Қалыпқа құю әдісімен суппозиторийлерді гидрофильді негізде дайындағанда есептеулерде ... ескеріледі.

- A) өту модулі(1,21)
- B) дәрілік заттар қасиеттері
- C) негіздің балқу температурасы
- D) көлем ұлғаю коэффициенті
- E) су жұту коэффициенті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2023-2024) 64 беттің 51 беті	

№13-САБАҚ

1. Тақырыбы: Шаншуға арналған ерітінділер технологиясы.

2. Мақсаты: Шаншуға арналған ерітінділерді НҚ сәйкес дайындауды және сапасын бағалау үйрену.

3. Оқыту міндеттері:

білім алушы білуге тиіс:


- шаншуға арналған дәрілік түрлерге қойылатын талаптарды және оларды қамтамасыз ету тәсілдерін;
- стерильдеу тәсілдері, автоклавтын құрылысы және эксплуатациялау ережелері;
- шаншуға арналған ерітінділерді дайындау, тұрақтандыру, сапасын бағалау, сақтау және босатуға безендіру бойынша нормативті құжаттар талаптарын;
- шаншуға арналған ерітінділерді дайындауда қолданылатын тұрақтандырғыштардың қасиеттері;
- шаншуға арналған ерітінділерді тұрақтандырғыштармен дайындау кезінде операциялардың реттілігін орындауды;
- стерильдігі, сапасын бағалау.

білім алушы істей алуға тиіс:

- дәрілік заттар және шаншуға арналған су мөлшерлерін есептеуді;
- жазылым құрамына кіретін ингредиенттердің қасиеттерін ескеріп, шаншуға арналған ерітінділердің оптимальды технологиясын таңдауды және дәйектеуді;
- шаншуға арналған ерітінділерді дайындау үшін негізгі технологиялық операцияларды орындауды: (өлшеуді, ерітуді, сүзуді, сапасын бақылауды, герметикалық тығындалуын, стерильдеуге безендіруді, стерильдеуді);
- шаншуға арналған ерітінділерді сапасын бағалауды;
- шаншуға арналған ерітінділерді орамдауды, тығындауды және босатуға безендіруді.
